

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін қорғау мен қолдау саласындағы тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 8 қазандағы № 48 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 5 қарашада № 9857 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 маусымдағы № 417 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.06.2015 № 417 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 365 және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған жеке кәсіпкерлік субъектілерін қорғау мен қолдау саласындағы тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және ресми бұқаралық ақпараттық құралдарында ресми жариялануын;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі Т.М. Жақсылықовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Досаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

э к о н о м и к а

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

8

қ а з а н д а ғ ы

№ 48 бұйрығымен бекітілген

Нысан

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін қорғау мен қолдау саласындағы Тексеру парағы

Тексеруді жүзеге асыратын орган: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

Жүргізілетін тексерудің түрі (көрсету қажет):

кешенді тексеру

тақырыптық тексеру

Тексеру тексеруді тағайындау туралы актінің негізінде жүзеге асырылады: нөмірі _____, күні _____.

Тексерілетін субъект:

(тексерілетін субъектінің толық атауы,

заңды мекенжайы, телефоны)

Тексеруді жүргізуге уәкілетті тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда) және лауазымы:

Тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандар, кеңесшілер және сарапшылар
т у р а л ы м ә л і м е т т е р :

Тексерілетін субъектінің уәкілетті өкілдерінің тегі, аты, әкесінің
аты (болған жағдайда) және лауазымы

№	Талап	Сақталады/ Сақталмайды	Талапты сақтамаған жағдайда, анықталған фактілердің саны	Талап етілмейді
Тексерілетін субъектілердің жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларындағы мемлекеттік бақылау ме қадағалауды жүзеге асыру тәртібін сақтауы саласында				
	Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу салдардың ауырлығы тұрғысынан субъектінің маңыздылығы, «			

1	Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 377-IV Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзушылықтардың салалық статистикасы, сондай-ақ жоспардан тыс тексерулердің нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады			
2	Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, бақылау және қадағалау органдарының және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен бұйрығымен бекітілген және тексерілетін субъектінің ресми интернет-ресурстарында жарияланған жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерінің болуы			
3	Бақылау және қадағалау органының, құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органның және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен бұйрығымен бекітілген жеке кәсіпкерлік саласындағы тексерілетін субъектілерді тексеру мәселелері жөніндегі міндетті ведомстволық есептілік нысандарының болуы			
4	Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексерулердің санын, сондай-ақ тексеру парақтарына сәйкес анықталған бұзушылықтарды және оларға қолданылған әкімшілік ықпал ету шараларын ведомстволық есепке алуды тұрақты және үздіксіз негізде жүргізу			
5	Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру жөніндегі ведомстволық есептіліктің жиынтық деректерін мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында жариялау			
6	Бақылау және қадағалау органының және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен бұйрығымен бекітілген және мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында жарияланған жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парақтары нысандарының болуы			
7	Нақты жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты жоспарлы тексерулерді уәкілетті орган тәуекелдерді бағалау жүйесіне сәйкес бекіткен тексерулер жоспарының негізінде және алдыңғы тексерулерге қатысты белгіленген уақыт аралықтарын ескере отырып, жүргізу			
8	Заңның 16-бабының 7-тармағында көзделген негіздемелер бойынша нақты жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізу			

9	<p>Бұзушылықтарды жасалған кезде тікелей жолын кесу қажет болған жағдайларда жұмыстан тыс уақытта (түнгі уақытта, демалыс немесе мереке күндері) жүргізілетін жоспардан тыс тексерулерді қоспағанда, жоспарлы және жоспардан тыс тексерулерді ішкі еңбек тәртібінің қағидаларында белгіленген тексерілетін субъектінің жұмыс уақытында жүргізу</p>			
10	<p>М ы н а л а р ғ а :</p> <p>1) жарылғыш заттардың айналымы мен олардың жұмыс істеуінің белгіленген қағидаларының сақталуына ;</p> <p>2) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жұмыспен қамтылған жеке және заңды тұлғалардың қызметіне ;</p> <p>3) атом энергиясына, радиоактивтік заттарға;</p> <p>4) олардың, қару-жарактың, әскери техниканың және жекелеген қару түрлерінің, жарылғыш және пиротехникалық заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жұмыспен қамтылған жеке және заңды тұлғалардың қызметіне байланысты бақылауды және қадағалауды қоспағанда, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты (қайта ұйымдастыру тәртібімен құрылған заңды тұлғаларды және қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың құқықтық мирасқорларын қоспағанда) мемлекеттік тіркелген күнінен бастап үш жыл бойы жоспарлы тексерулерді жүргізу</p>			
11	<p>Анонимді өтініштер бойынша жоспардан тыс тексерулерді жүргізу</p>			
12	<p>Нақты жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты анықталған және жоспардан тыс тексеруді тағайындауға негіз болған фактілер мен мән-жайлар бойынша жоспардан тыс тексерулерді жүргізу</p>			
13	<p>Тексеруді тексеруді тағайындау туралы актінің негізінде, оның ішінде Заңның 17-бабының 2-тармағында көзделген ақпаратты көрсете отырып, жүргізу</p>			
14	<p>Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қатер төнген жағдайда мемлекеттік еңбек инспекциясының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы талаптардың сақталуы бойынша жоспардан тыс тексерулерді, салық қызметі органдары Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жүзеге асыратын қарсы тексерулерді қоспағанда, тексеруді тағайындау туралы актіні тексерулер басталғанға дейін құқықтық статистика және арнайы есепке алу</p>			

	жөніндегі уәкілетті органда, оны жеке кәсіпкерлік субъектісі орналасқан жері бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне ұсыну, оның ішінде электронды форматта ұсыну арқылы тіркеу		
15	Тексеру жүргізудің мерзімдері мен нысанасын көрсете отырып, тексерудің өзі басталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын жоспарлы тексеру жүргізудің басталатыны туралы жеке кәсіпкерлік субъектісін жазбаша түрде хабардар ету		
16	Заңның 16-бабы 7-тармағының 2), 3), 4), 7) және 8) тармақшаларында, 10-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру жүргізудің мерзімдері мен нысанасын көрсете отырып, тексерудің өзі басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын жоспардан тыс тексеру жүргізудің басталатыны туралы жеке кәсіпкерлік субъектісін жазбаша түрде хабардар ету		
17	Жеке кәсіпкерлік субъектісі тексеруді тағайындау туралы актіні қабылдаудан бас тартқан немесе тексеруді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау органының лауазымды адамының тексеру жүргізуге қажетті материалдарға қол жеткізуіне кедергі келтірген жағдайда тексеруді жүзеге асыратын бақылау және қадағалау органы лауазымды адамы және жеке кәсіпкерлік субъектісінің уәкілетті тұлғасы қол қойған хаттаманы жасау		
18	Жеке кәсіпкерлік субъектісін және құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органды тексеру жүргізуші лауазымды адамдардың құрамын ауыстырған жағдайда тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілмеген адамдардың тексеруге қатысуы басталғанға дейін ауыстыру себебі көрсетілген хабарламаның болуы		
19	Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген салықтық тексеруді, сондай-ақ салалық ерекшеліктері ескеріле отырып, тексерулер жүргізудің мынадай : 1) санитариялық-эпидемиологиялық бақылау саласындағы тексерулер – он бес жұмыс күніне дейін және он бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын ; 2) ветеринария, карантин және өсімдіктерді қорғау, тұқым шаруашылығы, астық және мақта нарығы саласында – бес жұмыс күнінен аспайтын және бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын мерзімдері белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, ветеринария, карантин және өсімдіктерді қорғау, тұқым шаруашылығы, астық және мақта нарығы		

	саласында жүргізілетін тексерулерді жүргізу кезіндегі жекелеген жағдайларды қоспағанда тексерулерді отыз жұмыс күні ішінде жүргізу			
20	Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген салықтық тексеруді жүргізу кезіндегі жекелеген жағдайларды қоспағанда, арнайы зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізу қажет болғанда, сондай-ақ тексеру көлемінің ауқымды болуына байланысты бақылау және қадағалау органының басшысы (не оның орнындағы адам) тексеру жүргізудің мерзімін отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімге бір рет қана ұзарту			
21	Тексеру мерзімдері ұзартылған жағдайда құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркей отырып, тексеруді ұзарту туралы тексеруді тағайындау туралы алдыңғы актінің нөмірі мен тіркелген күні және ұзартудың себебі көрсетілген қосымша актіні ресімдеу			
22	Тексеру жүргізуді жүргізілетін тексеріс шеңберінде шет мемлекеттерден айтарлықтай маңызы бар мәліметтер және құжаттар алу, отыз жұмыс күнінен асатын мерзімде арнайы зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізу қажет болған жағдайларда, оларды алғанға не орындағанға дейін тоқтатуды жүзеге асыру			
23	Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органды хабардар ете отырып, тексеруді тоқтата тұрғанға не қайта бастағанға дейін бір күн бұрын жеке кәсіпкерлік субъектісін тексеруді тоқтата тұру не қайта бастау туралы хабардар ету			
24	Тексеруді тоқтата тұру немесе қайта бастау кезінде тексеруді тоқтата тұру не қайта бастау туралы акт шығару			
25	Тексеруі тоқтатылған және Заңның 20-бабында белгіленген мерзімдерде қайта басталмаған жеке кәсіпкерлік субъектісін қайта тексеруге жол бермеу			
26	Өнімнің үлгілерін іріктеу актісімен расталған өнімдердің үлгілерін іріктеуді бақылау және қадағалау органының лауазымды адамы жеке кәсіпкерлік субъектісі басшысының немесе өкілінің және жеке кәсіпкерлік субъектінің уәкілетті адамының қатысуымен жүргізу			
27	Өнімдердің үлгілерін іріктеу актісінде Заңның 22-бабында көзделген ақпаратты көрсету			
28	Тексеру жүргізу кезінде Заңның 23-бабында көзделген шектеулерді сақтау			

29	Тексерудің нәтижелері бойынша тексеру нәтижелері туралы актіні Заңның 24-бабының 1-тармағында көзделген ақпаратты көрсетіп, жасау			
30	Тексеру нысанасына жатпайтын талаптарды қоймау және өтініш жасамау			
31	Тексерілетін субъектінің өздерінің құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша тексерулер тағайындамауы			
32	Бақылау және қадағалау органының лауазымды адамдарының бақылау және қадағалау жүргізу кезінде Заңның 26-бабының 3-тармағында көзделген міндеттерді сақтауы			
Тексерілетін субъектілердің лицензиялау немесе өзге рұқсат құжаттарын беру, кәсіпкерлік қызметті немесе өзі іс-әрекеттерді жүзеге асыруға хабарлама қабылдау тәртібін сақтауы саласында				
33	Жеке кәсіпкерлік субъектілерінен «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) көзделмеген рұқсаттар мен хабарламалардың болуын талап етпеу			
34	Тексерілетін субъектілердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде тікелей көзделмеген құжаттарды беруді талап етпеу			
35	Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, берілген рұқсаттар, жіберілген хабарламалар, рұқсаттар берудің және хабарламалар жіберудің шарттары туралы мәліметтер «электрондық үкіметтің» веб-порталында және тексерілетін субъектінің интернет-ресурстарында қазақ және орыс тілдерінде орналастыру			
36	Тексерілетін субъектілердің Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 21-бабының 2-тармағында көрсетілген міндеттерді сақтауы			
37	Рұқсаттың Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылуы Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген жағдайларда ғана шектеледі			
38	Рұқсаттарды беру біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына жауап беретін барлық тұлғалар үшін тең негіздерде және жағдайларда жүзеге асырылады			
39	Тексерілетін субъектінің лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру кезінде өтініш берушінің құжаттарын алған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асыруы			
	Лицензиялау және рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру кезінде өтініш берушінің құжаттарын			

40	<p>қараудан бас тартуды Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 25-бабының 1-тармағында көзделген мерзімдерде ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда ғана жүзеге асыру</p>			
41	<p>Рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру кезінде рұқсат беру органының өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңдарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан мемлекеттік органдардан келісімдер (ілеспе рұқсаттарды) алуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларыда немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген жағдайларда ғана жүзеге асырылады</p>			
42	<p>Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында белгіленген жағдайларда өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан мемлекеттік органдардың келісімдерін (ілеспе рұқсаттарды) алу үшін, егер екінші санаттағы рұқсаттар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде өзгеше мерзімдер көзделмесе, рұқсат беру органы өтініш берушінің рұқсатты және (немесе) оған қосымшаны алуға арналған құжаттары тіркелген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушінің алдағы қызметті немесе әрекетті (операцияны) жүзеге асыру орны бойынша тиісті мемлекеттік органдарға сауал жіберу</p>			
43	<p>Тексерілетін субъектінің рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны беру мерзімі өткен кезден бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге оны беруді жүзеге асыруы</p>			
	<p>Жеке немесе заңды тұлға не шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің қызметті жүзеге асыру орны бойынша берілетін «объектілерге берілетін рұқсаттар» сыныбы бойынша берілетін лицензияларды қоспағанда, жергілікті атқарушы</p>			

44	органдар немесе орталық мемлекеттік органның аумақтық органдары лицензиарлар болып табылған жағдайларда, оларға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беруді тіркеу орны бойынша жүзеге асыруы			
45	Өтініш берушілерден лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 29-бабының 3-тармағында көзделмеген өзге құжаттарды ұсынуды талап етпеу			
46	Егер лицензиар Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 29-бабы 3-тармағының 2) - 5) тармақшаларында көзделген құжаттар туралы ақпаратты тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алуға мүмкіндігі болса, оларды өтініш берушіден ұсынуды талап етпеу			
47	Лицензиясы бар қызмет түрі немесе әрекет (операция) шеңберінде жарамды лицензияның қосымшасын беру кезінде өтініш берушілерден Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 29-бабы 6-тармағының 1)-3) тармақшаларында көзделген құжаттарды қоспағанда, өзге құжаттарды талап етпеу			
48	Егер Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 1-қосымшасында өзгеше көзделмеген болса, лицензияны беруді оның қолданылу мерзімін шектеусіз жүзеге асыру			
49	Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны не оларды беруден дәлелді бас тартуды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген тиісті құжаттармен қоса өтініш ұсынылған күннен бастап, отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей берілетін атом энергиясын пайдалану, қаржы саласындағы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет, білім беру, мұнай және газ саласындағы лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаларды қоспағанда, он бес жұмыс күнінен кешіктірмей беруді жүзеге асыру			
50	Лицензияға қосымшаларды (лицензияға қосымшалардың телнұсқаларын) беру кезінде лицензиялық алымды алмау			
51	Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 44-бабында көзделген жағдайларда лицензияларды және (немесе) лицензияға қосымшаларды беру кезінде лицензиялық алымды алмау			
52	Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 32-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тартуды жүзеге асыру			

53	Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 33-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тартуды жүзеге асыру			
54	Лицензияны және (немесе) қосымшаны қайта ресімдеу кезінде Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 33-бабы 3-тармағының 1) - 4) тармақшаларында көзделген құжаттарды қоспағанда, өтініш берушіден өзге құжаттарды ұсынуды талап етпеу			
55	Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 34-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша қайта ресімдеуді қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде лицензиардың өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырмауы			
56	Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 33-бабының 1-тармағының 1), 2), 4), 5), 6) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша бастамашылық жасалған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 33-бабының 3-тармағында көзделген құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген жағдайда, сондай-ақ өтініш берушінің біліктілік талаптарына сай болмауы жағдайында, егер осындай тексерудің қажеттігі заңдарда көзделсе, бас тартуды жүзеге асыру			
57	Қайта ресімделген лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаларды Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 48-бабының ережелерін сақтай отырып, электрондық нысанда ресімдеуді жүзеге асыру			
58	Лицензиардың лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 34-бабында өзгеше мерзім белгіленбесе, Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 33-бабының 3-тармағында көзделген құжаттар берілген кезден бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асыруы			
59	Өтініш берушінің таңдауы бойынша лицензияланатын қызметтің бір түріне (кіші түріне) лицензиялары бар бірнеше заңды тұлға-лицензиаттардың бірігуі нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғаға тек бір ғана лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді жүзеге асыру			

60	Егер қосылатын заңды тұлғада және қосылатын заңды тұлғаны өзіне қосып алған заңды тұлғада лицензияланатын бір қызмет түріне немесе лицензияланатын қызмет түрінің кіші түріне лицензиялар болса, қосылатын заңды тұлғаның лицензиясын заңды тұлғаны қосып алған заңды тұлғаға қайта ресімдеуді жүргізібеу			
61	Рұқсат беру органының Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 34-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша бастамашылық жасалған лицензияларды және (немесе) лицензияға қосымшаларды қайта ресімдеуден бас тартуды Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 34-бабы 4-тармағының бесінші бөлігінде және 5-тармағының 5-бөлігінде көзделген жағдайларда ғана жүзеге асыруы			
62	Рұқсат беру органдарының Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 34-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 34-бабы 6-тармағының ережелерін сақтауы			
63	Лицензиардың Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 34-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша өтініш берушінің лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге берілген құжаттарын тіркегеннен кейін екі жұмыс күні ішінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында белгіленген болса, өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан мемлекеттік органдардың келісімдерін (ілеспе рұқсаттарын) алу үшін өтініш берушінің өз қызметін жүзеге асыру орны бойынша тиісті мемлекеттік органдарға сауал жіберуі			
64	Лицензиялардың рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 34-бабында белгіленген мерзімдер ішінде қайта ресімделген лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны не оларды қайта ресімдеуден дәлелді бас тартуды жүзеге асыруы			
	Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын рұқсаттар мен			

65	хабарламалар туралы заңның 35-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда тоқтату			
66	Рұқсат беру органдарының Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 36-бабында көзделген жекелеген қызмет түрлерін лицензиялаудың ерекше шарттарын сақтауы			
67	Рұқсат беру органдарының экспорт және импорт саласындағы лицензиялау туралы жалпы ережелерді сақтауы			
68	Рұқсат беру органдарының Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған рұқсат беру талаптарын ұсынуды, екінші санаттағы рұқсаттарды беру үшін қажетті құжаттардың тізбесін ұсынуды талап етуді жүзеге асыруы			
69	Рұқсат беру органдарының екінші санаттағы рұқсаттардың Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мерзімдерде берілуін сақтауы			
70	Рұқсат беру органының екінші санаттағы рұқсатты беруден бас тартуды Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген негіздер бойынша жүзеге асыруы			
71	Рұқсат беру органының екінші санаттағы рұқсатты беру үшін белгіленген мерзімдерде өтініш берушіге екінші санаттағы рұқсатты беруден дәлелді бас тартуды жүзеге асыруы			
72	Екінші санаттағы рұқсаттың қолданылуын Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған жағдайларда және тәртіппен ғана тоқтатуды жүзеге асыру			
	Рұқсат беру органының рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның телнұсқаларын өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның			

73	оң жақтағы жоғарғы бұрышында «Телнұсқа» деген жазумен және олардың алғаш берілген күні мен қайта ресімделген күнін көрсете отырып, беруді жүзеге асыруы			
74	Рұқсат беру органының өтініш беруші тиісті өтінішті берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне қажетті өзгерістерді енгізуді және тиісті түзетулері бар рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны беруді жүзеге асыруы (берілген рұқсатта және (немесе) рұқсатқа қосымшада қателер анықталған жағдайда)			
75	Рұқсат беру органының рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысын тоқтата тұруды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жүзеге асыруы			
76	Рұқсат беру органының өтініш берушінің бұзушылықтардың жойылғаны туралы өтініш берген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 51-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен бұзушылықтардың жойылғанын тексеруді жүзеге асыруы			
77	Лицензиат немесе екінші санаттағы рұқсатты иеленуші тоқтата тұру мерзімі өткенге дейін рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтардың жойылғаны туралы өтінішті бермеген жағдайда, рұқсат беру органдарының тоқтата тұру мерзімі өткен кезден бастап он жұмыс күні ішінде рұқсаттан және (немесе) рұқсатқа қосымшадан айыру (оны қайтарып алу) рәсіміне бастамашылық жасауды жүзеге асыруы			
78	Айыру (кері қайтарып алу) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және (немесе) негіздер бойынша жүзеге асырылатын агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган беретін рұқсаттарды қоспағанда, рұқсат беру органының рұқсаттан айыруды (кері қайтарып алуды) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және (немесе) негіздер бойынша жүзеге асыруы			
79	Тексерілетін субъектінің Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңның 46-бабының 5-тармағын сақтауы			
80	Хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өтініш берушілерге рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен өтініш берушілердің			

	жіберген хабарламалары туралы үзінді көшірмелерді өтініш жасалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде беруі			
81	Автоматтандыруға жатпайтын рұқсаттарды қоспағанда, рұқсат беру органдарының қағаз нысанында жүзеге асырылған рұқсат беру рәсімдері туралы ақпаратты рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне рұқсат беру рәсімін жүзеге асырумен бір мезгілде енгізуі			
82	Рұқсат беру органдарының рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін тұрақты негізде жүргізуі			
83	Тексерілетін субъектілердің жеке немесе заңды тұлғаның қызметі немесе жекелеген қызмет түрлері немесе әрекеттері (операциялары) тоқтатыла тұрған жағдайда, рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне тиісті мәліметтерді енгізуі			
84	Тексерілетін субъектінің рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен хабарламаны алып тастауды өтініш берушінің өтініші, соттың жеке немесе заңды тұлғаның қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне немесе әрекеттеріне тыйым салу туралы шешімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асыруы			
Тексерілетін субъектілердің мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру тәртібін сақтауы саласында				
85	Мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру кезінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының, Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының, жергілікті өкілді органдардың, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі актілерінің деңгейінде белгіленген талаптарды ұсыну			
86	Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарында, Қазақстан Республикасы заңдарында, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларында, жергілікті өкілді органдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің актілерінде белгіленген жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру тәртібінің (қағидаларының, шарттарының), оның і ш і н д е : - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қолдау бағдарламасының критерийлеріне, шарттарына сәйкестігінің; - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштерін қарау мерзімдерінің; - мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру			

	<p>мерзімдерінің;</p> <p>- мемлекеттік қолдауды жүзеге асырудан бас тартудың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылуының;</p> <p>- мемлекеттік қолдаудың заңды түрде жүзеге асырылуының сақталуы</p>			
87	<p>Тәртібі мен нысанасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен немесе заңды күші Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы деңгейінен жоғары өзге нормативтік құқықтық актілермен бекітілген жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қаржылық қолдауды жүзеге асыру</p>			